



## АУДАНДА КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**5 наурыз күні аудан әкімі Рахат Смағұлов су тасқыны қарсы тұратын шұғыл ден қөне жасағының сап түзеуіне қатысып, олардың жауапты кезеңге дайындығын, әр саланың міндеттері мен шұғыл әрекет ету білімдерін тексерді.**

Жалпы ауданда су тасқынына қарсы штаб құрылған. Жеке құрамы 57 адам және техникасы 32 бірліктен тұратын шұғыл ден қою жасағы бар. Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда зардап шеккен халықты қабылдау пункттері де анықталған.

Қазіргі кезде тасқын және еріген су басуға бейім учаскелер анықталып, қала мен кенттердің аумағынан қар шығарылып жатыр. Су өткізгіш ғимараттар мен носерлі көріз жүйелерін тазартуға ерекше назар аударылууда. Аудандағы жалпы жағдай тұрақты.

- Су тасқыны кезеңіне барлық техниканы сақдай сай ұста қажет. Жасақ қызметкерлерімен нұсқаулық өткізіп, жауапкершілік туралы айту керек. Әр қызметтің қалай әрекет етуі, іс-қимыл жасауы нақты түсіндірілуі қажет. Кәсіпкерлермен жасалған ниет шарттарын қадағалауды тапсырамын, деді аудан әкімі.

Сап түзеу соңында Рахат Назымбекұлы барлық мүдделі мемлекеттік органдарға күн сайын су тасқыны режиміне бақылау жүргізу және елді мекендердегі аумақтарды су басуға жол бермеу бойынша барлық шараларды қабылдау тапсырды.

Еркін ТӨЛЕГЕН,  
суреттерді түсірген автор.



### МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

## Әұрметті солтүстікқазақстандықтар! Әұлымбатты әйелдер!

Сіздерді көктемнің тамаша мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Табиғат оянып, барлық тіршілік жанаратын бұл күні біз ең аяулы жандарға деген кіршіксіз сезіміміз бен ықыласымызды білдіреміз, жүрекжарды тілегіміз бен алғысымызды арнаймыз.

Аналарымыз бен әжелерімізге, жарларымыз бен қыздарымызға даналығы, ізгілігі мен қамқорлығы, таусылмас жан жылуы үшін құрметіміз ерекше. «Әйелдерді сыйлаған қоғамды ғана мәдениетті және өркениетті деп айтуға болады. Біздің ақылман халқымыз аналарын аялаған, қыздарына қамқор болған. Мұндай қарым-қатынас біздің қанымымызға гасырлар бойы сіңген», – деп атап көрсеткен болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Біз таланттарыңызды, болашаққа сеніммен қарайтындарыңызды, еңбексүйгіштіктеріңізді

бағалаймыз. Сіздер медицина, педагогика, ғылым, өнеркәсіп, мәдениет, спорт, бизнес пен саясат сияқты түрлі салада өздеріңіздің табысқа жете білетіндеріңізді және қажет екендеріңізді үнемі дәлелдеп келесіздер. Өңіріміздің дамуы мен оның тұрғындарының жайлы өмірі көп жағдайда сіздерге байланысты.

Бүгіндері өңірде әйелдер облыстық және аудандық мәслихаттарға депутат болып сайланды, жүздеген нәзік жан жергілікті атқарушы органдарында, азаматтық қоғам институттарында және мемлекеттік емес құрылымдарда еңбек етуде, облыстағы бірнеше ауданды әйелдер басқарып отыр.

Біз сіздерді мақтан тұтамыз! Өмірлеріңіз бақытқа, қуанышқа, табысқа толы болсын!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

## Әұрметті мағжандықтар! Әұлымбатты әйелдер қауымы!

Көктемнің тамаша мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл күн көктемді, жаңаруды және сұлулықты бейнелейді, сонымен қатар әйелдердің біздің өміріміз бен қоғамымыздағы маңызды рөлін еске салады.

Барлық уақытта әйел бейбітшілікті, жайлылықты, адалдықты және отбасылық әлауқатты бейнелеген. Сіздер сенім, үміт, махаббат сияқты мәңгілік құндылықтарды білуге мүмкіндік бересіз және нәзіктік, үйдің жылуы, сұлулық пен адалдық сияқты барлық жақсылықтарды бейнелейсіздер.

Сіздер шабыт, махаббат пен қамқорлықтың қайнар көзісіздер. Сіздердің күш-жігерлеріңіз бен еңбекқорлықтарыңыз біздің ауданды жақсартып, отбасыларды – мықты қылады. Біз Сіздердің

білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және бизнес салаларындағы жеткен жетістіктеріңізді мақтан тұтамыз. Сіздер біздің қоғамымыз дамуына баға жетпес үлес қосып келесіздер.

Нәзік жанды әйелдер!  
Сіздерге әр күн қуаныш әкелсін, барлық үміттеріңіз бен армандарыңыз орындалсын және әр күн бақытты күлімісіреу мен көктемгі гүлдердің хош иісімен жарқырасын!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын және өмірлік жоспарларыңызды табысты іске асыруыңызды, зор денсаулық, мол табыс пен сәттілік, өркендеу мен амандық тілеймін!

Рахат СМАҒҰЛОВ,  
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАДЫ

Биыл 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі күнтізбеде сөнбіге түс келіп тұр.

Осыған орай мерекелік демалыс дүйсенбіге, яғни 10 наурызға ауыстырылады. Демек Қазақстан халқы 8,9,10 наурыз қатарынан үш күн демалады.

Ал 8-Наурыз демалысы 21 наурыз, жұма күнінен басталып, 25 наурызды қамтиды. Мерекеден кейінгі жұмыс аптасы 26 наурыздан басталады.

MEMLEKETTIK QOLDAU SHARALARI

# ПРОКУРАТУРА - ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, ЖОБАЛАРЫН ҚОРҒАУҒА МҮДДЕЛІ



Бүгінгі таңда ел экономикасын дамыту, оны монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау және инвестициялар тарту бағытында біраз жұмыс атқарылып келеді. Әсіресе, еліміз үшін инвестиция тартудың маңызы зор. Өйткені инвестиция – ел экономикасының темірқазығы, еліміздің жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кілті. Осыған орай, Мемлекет басшысы инвестицияларды ынталандыру ұлттық басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

Президент Біс прокуратураға инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мен оларды қорғауды жүктеді. Басқаша айтсақ, жоғары қадағалау органының тарихында жаңа сала пайда болып, прокуратураға жаңа міндет жүктелді. Осы арқылы қызметімізге

27 ақпан күні ауданға жұмыс сапарымен облыс прокурорының бірінші орынбасары Саттар Әбу-Әли Анарбайұлы келді. Сапар аясында ол облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Жеңіс Қазиевпен бірге ауданның бизнес-коғамдастық өкілдерімен кездесу өткізіп, мағжандық кәсіпкерлерді толғандыратын өзекті мәселелерді талқылады.

өзгеріс енгізілді деп айтуға да болады. Біздің облыстық прокуратурада арнайы қызметкер осы бағытта жұмыс жасайды.

Біз үшін жүктелген міндет анық, ол – бизнесті жүргізу мен инвестиция тарту үдерісін барынша ашық, түсінікті және жеңіл ету. Инвесторлардың проблемаларын біз жөнсіз бөгеттер мен кедергілерсіз тікелей шешуіміз керек.

Инвестициялық жобаларды сүйемелдеудің басты мақсаты – оларды іске асырудың барлық сатысында инвесторларға құқықтық қолдау көрсету және қорғау. Оның

да бірқатар сатысы бар. Мысалы, объектінің құрылысын бастау үшін мемлекеттік сараптама, сәулет, экологиялық бақылау және басқаларын қоса алғанда, түрлі инстанциядан 60-тан астам рұқсат талап өтіледі.

Бизнесті қорғау – прокурорлар орталықта да, жергілікті жерлерде де жүзеге асыратын тұрақты әрі қажырлы жұмыс. Мұндай қызмет жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын ашып, жұмысшыларды лайықты жалақымен қамтамасыз етуде азаматтардың өнеі даусыз. Осының барлығы азаматтардың өл-ауқатын жақсартуға бағытталған әділетті Қазақстан

құру үшін маңызды, - деді аудан әкімдігінде өткен кездесуде Әбу-Әли Анарбайұлы.

Сонымен қатар, облыс прокурорының бірінші орынбасары Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте және Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында болып, жоғары сынып оқушыларымен нашақорлық пен қылмыстық жауапкершіліктің алдын алу туралы әңгімелесті. Прокуратура қызметкерлері балаларға бейнебаян көрсетіп, сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ, бұл күні Әбу-Әли Саттар «Orlov Market» жаңа сауда орталығы мен «Тамаша 2050» ЖШС өшкі фермасының қызметімен танысып, кәсіпкерлердің мәселелерін біліп қайтты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

## АҚСАҚАЛҒА АЛҒЫС АЙТТЫ



Наурыз айының 3-ші жұлдызында аудан әкімі Рахат Смағұлов аудан активімен бірге құрметті ардагер, облыстың Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Шөрінұлы Сағымдықовты 84 жасқа толуымен құттықтады.

Оралбай Шөрінұлы өз өмірін ауыл шаруашылығын дамытуға, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық қызметке арып келе жатқан белсенді тұлға, 50 жылдан астам еңбек жолында ол басқарушы лауазымдарды атқарып, өзінің бай тәжірибесін жас ұрпаққа бере отырып, аудан мен облыстың дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Қоңжылға адал еңбегі үшін Оралбай Шөрінұлы бірқатар жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталған тұлға, атап айтқанда, «Парасат» орденімен, «Октябрь революциясы» орденімен, «Тың игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және тағы басқалары.

Аудан әкімі Рахат Назымбекұлы зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, амандық пен рухани жинаулық тілей отырып, адал еңбегі және белсенді қоғамдық қызметі үшін шың жүректен алғыс білдірді.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ



## «БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА»

2 наурыз күні «Достық» саябағында орталық аудандық кітапхана аудандық Мәдениет үйімен бірлесіп, «Бірлігіміз - әралуандықта» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Осы шауақты күні ардагерлер кеңесінің мүшелері, «Алтын күз» клубы, «Аманат» шығармашылық клубы, «Горlinka» славян этномәдени бірлестігі біздің жүрегімізді байланыстыратын және бізге жылулық сыйлайтын таңғажайып іс-шараларды бірге атап өтуге атсалысты. Іс-шара барысында иылғы жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген Алғыс айту күні мен қыс мезгілімен қоштасу және жаңау үмітін сыйлайтын Масленица мерекесі де атап өтілді.

Мерекеді Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сауле Нұрқайдарова, «Горlinka» славян этномәдени бірлестігінің басшысы Людмила Ессе, Булаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Л.М. Егорчева сөз сөйлеп, Алғыс айту күнінің маңыздылығы туралы айтты.

Бұл күн – бейбітшілік, міндет күні, Қазақстан халықтарының бір-біріне деген құрмет пен ризашылық танытатын, жалпыхалықтық мейрамы.

Өткен тарихымыз бен адамгершілік, қайырымдылық, жақсылық жасау сияқты, ата-бабамыздан мирас

болған дәстүрлерімізді, алғыс білдіру мәдениетін жаңа сипатта, жаңғырған түрде білдірудеміз.

Сыйластық пен құрметке негізделген жанашырлық жасау, мейірімділік таныту, қолдау көрсету үшін тарихи үрдісі жалғасып келеді.

«Бірлік түбі – береке», - дегендей, біртұтас ел болуды мирас еткен бабаларымыздың ұстанымын отаншылдықпен әділеттілік, еңбекқорлық пен ауызбіршілік қағидатына айналдырып, оны жаңа Қазақстанның басты ұстанымдарының біріне айналдыруымыз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтауында: «Бұл мерекеді ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ санды мызғымас құндылықтар кеңінен дерілетіледі.

Алғыс айту күні қиын-қыстау замандарда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі Бірлігін Бөкем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадимызда да жаңғыртады.

Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер және еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңінде әрбір азаматтың ел болашағы үшін жауапкершілік танытуы және өзара қолдау көрсетуі аса

маңызды», - деп атап өтті.

Сондықтан бөлімнің, кеңес пен бірлестіктердің әрбір мүшесі ұлттық құндылықтар мен ізгілікті жалғастырып, мейірімділік пен қайырымды насихаттап, еңбек адамының озық бейнесін көрсетіп, тарихқа құрметпен қарауды жалғастырып келеді.

Баршаңызға денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Келуіңізге өліміздің халықтары арасындағы береке-бірлік пен ырыс-ынтымақ арта берсін, - деді Сауле Еркінқызы.

Мерекелік шарада жиналған жұртшылық арқан тарту, гир тасиқ көтеру, сыйлық ұтып алу сияқты конкурстарда бақтарын сынап, өн айту, би билеу және қойылым сияқты түрлі ойын-сауықтарға қатысты. Саяхатқа Мәдениет үйінің қызметкерлерімен қатар, «Северяне» қалалық ардагерлер клубы өнер көрсетіп, Людия Бенц қалжың өлең айтса, «Аманат» вокалды тобы «Толуар» әнін орындады. Көтеріңкі көңіл күй сыйлаған мерекенің соңында халық бауырсақ, құймақ пен төттілерден дам татып, самсауырдан иыстық шай ішті. Бір-бірін мерекелен құттықтап, алғыс айтқан мағжандықтар естелік суретке түсіп, маз-мейрам болды.

Маржан ТҮЯҚОВА,  
орталықандырылған кітапхана  
жүйесінің кітапханасысы.

САД АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

# ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІНЕ ДЕРЕУ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІ ЖАУАП БЕРЕДІ

Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде құқық қорғау органдарында, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экономикалық тергел-тексеру департаментінде азаматтардың, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің өтініштері мен хабарламаларына жедел және қасиетті жауап берілетін шаралар жиынтығы бар.

Өтініштерді қарау кезінде ашықтықты, жариялылықты және қағидаттылықты қамтамасыз ету әрбір және азаматтың Заңы мен тәртібінің, құқықтары мен мүдделерінің сақталуына көпшілік береді. 2024 жылы және 2025 жылдың өткен кезеңінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экономикалық тергел-тексеру департаменті көп қарады 1100 әр түрлі мазмұндағы азаматтардың өтініштері, ақпарат беру туралы қаралаймын сұраулардан бастап қылмыстар туралы хабарламаларға дейін. Әрбір өтініш бойынша уақтылы егжей-тегжейлі түсініктемелер мен толық жауаптар ұсынылды.

Ақпараттық технологиялардың дамуы өтініштерді электрондық форматта тіркеу, есепке алу және қарау процесін автоматтандыруға мүмкіндік берді. Азаматтар үшін Е-Өтініш ақпараттық сервисі жұмыс істейді, ол республиканың көз келген азаматына үйден шықпай-ақ еліміздің көз келген өңірінен интернет арқылы өз өтінішімен электрондық форматта жүгінуге мүмкіндік береді. Департаментке 1458 Сал-орталығы арқылы немесе 8-715-2-46-98-18 сенім телефоны арқылы, сондай-ақ «АФМ inside» бот жеделхаттары арқылы тәулік бойы жүгіну мүмкіндігі бар.

Бұдан басқа, Департамент басшылығы күнделікті негізде азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, оларды «он-лайн» режимінде бейнеконференц-байланыс арқылы еткізуге болады. Бұл технологияны қолдану адамдарға облыс орталығына бармай-ақ басшылықпен кездесуге және сол немесе басқа мәселе бойынша өз дәлелдерін айтуға мүмкіндік береді.

Азаматтармен өзара іс-қимыл, өтініштер мен өтініштерді қарау кезінде ең қатаң стандарттар мен талаптарды сақтау құқық қорғау жүйесіне сенімділікті қамтамасыз етеді. Заң мен тәртіп үстемдік ететін қоғам құру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бақытжан ӘБІЛҚАЙЫРОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша  
Экономикалық тергеу департаментінің басшысы.

САД МАНАМ КЕҢЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы аудан тұрғындарына су тасқыны кезінде жұртымыз ауруларының алдын алу туралы жадымызға ұсынады.

## СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ АБАЙЛАҢЫЗ!



орналастырыңыз;  
- Егер аурудың алғашқы белгілері пайда болса, өз бетімен емдемей, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.  
Су тасқынынан кейінгі іс-әрекеттер:

- ауланы ағын судың өзімен бірге әкелген қоқыстардан тазарту, оны кейіннен тұрмыстық қатты қалдықтар үшін қолдануға болмайды;
- жеке учаскеде жұмыс істегенде қолды қорғау құралдарын пайдалану, ластанған қолдардағы инфекция азғаға өнбеу үшін, жұмыс істеген кезде тамақ ішіп, темекі шөкпеу қажет;
- жеке учаскеде шаң шығарумен байланысты жұмыстарды орындау кезінде, ауыз бен мұрынды медициналық бетперде мен дәке таңғышымен жабу қажет;
- су басқан орындардағы бұлақтардан су ішу және тұрмыстық-шаруашылық қажеттіліктер үшін табиғи су қоймаларының суын пайдаланбау қажет;
- ішуге арналған бетелкелердегі суды ғана пайдалануды ұсынамыз. Есте сақтаңыз, төтенше жағдай туындардан кезде күнделікті өмірде қаралаймын ережелерді сақтау, сондай-ақ Біздің ұсыныстарымызды орындау Біздің көптеген аурулардан сақтайды.
- Көктемгі су тасқыны - табиғаттың қауіпті құбылысы, ол күтпеген салдарға әкелуі мүмкін. Су қоймаларында болған кезде өте сақ болыңыз, балаларды қараусыз қалдырмаңыздар, мұз айдынына шығуға тыйым салыңыздар. Есте сақтаңыз, сақтық шаралары қолданылмай, сіз өзіндік де жақындаларыңыздың да өмірін сақтап қаласыз.

Күлсара ӘЛЖАНОВА,  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқармасының  
бас маманы.

Су тасқыны – микробтық және вирустық ластану көздерінің суға түсу қаупі екенін еске салады. Өзендердің тасуы су саласының нашарлауына әкеледі. Жедел шекінfections және паразиттік аурулардың су жолымен таралу қаупі болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, іш суізігі, дизентерия, вирустық этиологиялы жедел шөк инфекциялары сияқты жұқпалы ауруларға қатысты.

Су тасқынының тағы бір проблемасы - кеміргіштер, көптеген аурулардың қоздырғыштары. Олар тұрғын үйлер мен ғимараттарға өмір, адамның жұқпалы және паразиттік аурулармен (лептоспироз, тулярия, қызық сіндромы бар геморрагиялық қызба, иерсиниоз, токсоплазмоз, псевдотуберкулез және т. б.) ауыру қаупіне ықпал етуі мүмкін.

Су тасқыны кезеңінде жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында халыққа келесідей ұсыныстар береміз:  
- Су басу орындарында бұлақтардан, құдықтардан және ұңғымалардан су ішпеңіз;  
- Тамақ ішер алдында, дәретханадан, серуендеуден, тамақ дайындаудан кейін қолыңызды сабынмен жуыңыз;  
- Тасқын суға малынған тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз;  
- Тек бетелкелерді немесе қайнатылған суды ішу және тамақ пісіру үшін пайдаланыңыз;  
- Бетелкелерді судың, жарамдылық мерзімі ұзартылған азық-түліктің қорын жасау, оларды су тийейтін жерде мүмкіндігінше жоғары

## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР - ЭПИЗООТИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Көктем кезінде жыл сайынғы, міндетті жоспарлы диагностикалық, емдеу-профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар кезеңі басталады. Олар ауылшаруашылық жануарларының жұқпалы және аса қауіпті ауруларының, соның ішінде жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардың алдын алуға бағытталған.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы қолданыстағы заңнама негізінде ауыл шаруашылығы жануарларының иелері оларды ветеринариялық-санитариялық қағидаларда белгіленген профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін ветеринариялық мамандарға ұсынуға міндетті екендігіне назар аударады (25-бап). Жануарлар мен адамдарға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының алдын алу жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың міндеттері).

Тәжірибе көрсеткендей, жануарлардың қауіпті ауруларының өршуі орасан зор экономикалық зиян келтіреді, нәтижесінде ауру жануарлардың иелері ғана емес, сонымен қатар ауру ошағының жанындағы қолайсыз аумақта қызмет ететін ірі кәсіпорындар мен азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтары зардап шегеді.



Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы құрылымдарының барлық тұрғындары мен басшыларына барлық қажетті диагностикалық және емдеу-профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды орындауға қатаң кеңес береді.

Мал басын ветеринариялық өңдеумен толық қамту ғана ауданымыздың тұрақты эпизоотиялық өлауқатын сақтауға мүмкіндік береді.

Елена ЯКУНИНА,  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
ветеринариялық станциясының  
мал дәрігері.

### БИНАШ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## НОҒАЙБАЙ БИ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БИНАШ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабы 2 тармағына, 39-3 бабының 7,8 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі 2025 жылдың 8 сәуірінде сағат 15.00-де Бинаш негізгі мектебінің ақт залында келесі күн тәртібімен жергілікті қоғамдастық жиынын өткәзеді:

1. Бинаш ауылындағы атаусыз көшелерге атау беру туралы.

## БІРЫҢҒАҰ CALL-ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕУДІ

### ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерге аудандық емханада бірыңғай Call-орталық ашылғаны туралы хабарлаймыз. Сіздер енді 7-99-15 нөміріне хабарласа аласыздар. Ыңғайлы болу үшін әр түрлі қызметтер үшін келесі қосымша нөмірлер қарастырылған:

Ересектерді тіркеу бөлімі уялы телефон: 8-702-075-15-04, жергілікті телефон: 7-99-10;  
Балаларды тіркеу бөлімі уялы телефон: 8-775-096-30-54; Пациенттерді қолдау қызметі (ПҚҚ) уялы телефон: 8-702-075-15-06,

жергілікті телефон: 7-99-15;  
Дәріхана уялы телефон: 8-702-075-15-39, жергілікті телефон: 7-99-71.  
Біз Сіздердің кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге және көмек көрсетуге әзірміз!

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК



«Ардоc-Жүрек» мүгедектердің бірлестігі заңды тұлғалардың бірлестігі 2025 жылғы ақпан айынан бастап «СҚО әкімдігінің жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ қолдауымен «Теп Қоғам» әлеуметтік бейімдеу орталығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүзеге асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер» жобасын жүзеге асырады.

Орталықтың көрсетілетін қызметтері:  
Көңес беру: құқықтық, психологиялық, әлеуметтік сұрақтар бойынша, жұмысқа орналастыру;

Көмек: мемлекеттік қызметтер ресімдеуде, әлеуметтік қызметтер порталындағы жұмысында, ЭЦҚ алу кезінде;

Оқыту: әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларына, жеке өсуіне, өз бизнесін ашуға және жүргізуге.

Орталықтың мақсаты: жұмыс орын іздеу, жұмыспен қамту және ұстап қалу саласында жұмысқа орналасуға және әлеуетті арттыруға жәрдемдесу, мүгедектігі бар адамдарды қоғамға тиімді бейімдеу мақсатында тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларға үйрету.

Байланыс ақпараты: 8-700-667-32-91.  
Сілтөме: <https://chat.whatsapp.com/FccDku42wtfnN49jn9pfq>

## ТІГІНШІНІҢ ТАБЫСЫ - ИНЕСІНДЕ

*Тігін ісі — дәлдікті, шыдамдылықты және шығармашылықты қажет ететін ең танымал мамандықтардың бірі. Содан болар, қазақ халқы «Шебердің қолы алтын», - деп он саусағынан өнер тамеан ісмер жандарды қолдап, қоғамдағы орнын жоғары қойған. Қазіргі уақытта да тігін ісіне деген қызығушылық артып келеді және көптеген жан бұл мамандықты игеруге құлшыныс білдіреді. Бүгін біз сөз өткелі отырған кейіпкеріміз кәсіби тігінші – Меруерт Күдебаева.*

2017 жылы «Мадина» жеке кәсібин ашып, тігіншілікпен айналыса бастаған Меруерт Белгібайқызы бұл іске бала кезінен қызыққан. Ол тігіншілік өнер өзіне қанмен дарығанын айтады. Себебі, әжесі Қазиза Баймағамбетқызы ауылда белгілі шебер болған. Немересі бала күнінен бастап ісмерлікке құмартып, тігіншілікке баураған екен.

Бинаш ауылында туып өскен кейіпкеріміз Қарақоға орта мектебін тәмамдап, қатарластары сияқты білім қуып қалаға аттанады. 1985 жылы ол Петропавл қаласындағы №6 кәсіптік-техникалық училищесіне оқуға түсіп, «сыртқы киім тігіншісі» мамандығын игереді.

Қолына диплом алған жас маман облыс орталығындағы «Мода» ательесінде, «Комсомолка», «Динамо» тігін фабрикаларында қажырлы еңбек етіп, үлкен тәжірибе жинаған. Осылайша, тігіншіліктің қыр-сырын терең меңгерген Меруерт Күдебаева бүгінгі күні тіршілігін тігіншілікпен байланыстырып отырған кәсіпкер. Оның тігін цехы Булаев қаласындағы «Лада» сауда үйінің ішінде орналасқан.

– Бұл мен үшін жаныма жақын



мамандық. Тігіншілік бала күнімде қызығушылық болса, бүгінде кәсібіме айналды. Өнерімнің арқасында бүгін нәсібімді тауып, тұтынушыларымың алғысын арқалап келемін. Маған тапсырыс берген жандардың көңілінен шығып, оны межелеген уақытта дайындауға тырысамын. Себебі, ең бастысы – халықтың көңілен шығу. Нарықтық заманның да қояр талабы осы. Қосымша киімді қысқартып, оған өзгеріс енгізуді

де атқара береміз. Тігін өнерінде барлық нәсібің зор еңбекпен келеді, - дейді он саусағынан өнер тамған шебер.

Кейіпкеріміз толассыз еңбек етіп, үнемі алға қойған мақсатқа жетуді көздейді. Қазіргі таңда жүрек қалауы болған өнері алға жетелеп, өз еңбегін аса сүйіспеншілікпен атқарып келеді. Оның жасап жатқан зор еңбегі үлкен ыждағаттылық пен табандылықты талап етеді. Сөз арасында ол тігіншілердің

үнемі ізденіс үстінде жүру қажеттігін алға тартты. Өйткені ол қай кезде де заманның талабы мен ағымына сай еңбек еткенді жөн санайды.

– 2017 жылы ұлым Аян «Jask» тігін және торлағыш машиналарын сатып алып, маған сүйікті ісіммен айналысуға мүмкіндік жасады. Кәсібім алға басып, 2020 жылы «Ягуар» торлағыш машинасын сатып алдым. Ал өткен жылы халықтан түскен тапсырысты қанағаттандыру үшін тағы да қосымша жаңа «Jask» тігін машинасын сатып алдым. Көбіне, тұрғындар сырт киімдерді, шалбарларды қысқартуға, перделерді торлауға, жүгірте салуға және басқа киімдерін жөндеуге тапсырыс беріп жатады. Тойға арналған қалта, дорба және басқа да бұйымдарды тігумен айналысамын. Сондықтан алған құрал-жабдықтарым маған зор көмек көрсетеді, - дейді тәжірибелі тігінші Меруерт Күдебаева.

Қазақ қолөнерінің бір саласы – тігіншілік. Бұл көз майын таусытатын шығармашылық еңбек. Қадым заманнан бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін жоймаған осы өнерді тұтынушы талғамы мен заман талабын ұштастырып нарыққа ұсынады. «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді», - деп ата-бабаларымыз тектен тек айтпаса керек.

Бүгін күні сүйікті кәсібімен айналысып, халықтың талғамынан шығып, табыс тауып отырған Меруерт ханым қарашаңырақтың ақылшысы, балаларының аяулы анасы, немерелерінің сүйікті әжесі. Бар өмірін отбасының бақытына, балаларының болашағына арнап келе жатқан кейіпкерімізді төл мерекесімен құттықтап, деніне саулық, отбасына бақыт, кәсібіне табыс тілейміз.

## МАҒЖАНДЫҚТАР МАЙРА НАНҒЫН ТАҢДАЙДЫ

*«Еңбек түбі – береке» дейді дана халқымыз. Қай-қай істі бастағанда айқын мақсат пен тәуекелге бел буып, бар күш-қуатыңды сенің жемісіңа салайың, сияндай еңбегіңнің ең жетпейтінін қосылғанды жазғыс білсең. Алғанда біле тұра қобие жалғуыңды деітіп жемің әдетіңіз жетесіңе ерін кетіп жатпатыңызғы тағы бар. Әйтсе де, аралығыда алған бетіңнен қайтпай еңбегіңнің қозғи тауып, өз ісін донғелетіп отырған жандардың да аз емес екені қоңғ қуантпайды. Мәселен, 2023 жылы Шымкент қаласынан Булаевқа қоныс аударған Майра Шатырбаева қамы тұрғындарын тандыр нанмен, самса, бургер, сөндік сияқты өнімдермен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкер.*

Жұмыс күші мол өңірлерден еңбек тапшылығы бар солтүстікке отбасыларды көшіру бағдарламасы аясында көшіп келген бұл отбасы мемлекеттен бөлінген қаражат есебінен тұрғын үй сатып алып, жұбайы Мұрат Асанұлымен және үш қызымен солтүстік өңірде тұрақтануды шешеді. Отағасының мамандығы – дәнекерлеуші болса, отананың мамандығы – тігінші екен. Биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған Президенттің бастамасын бұл жаңуа қолдап отыр.

– Оңтүстіктен көшіп келгенімізге екі жылға жуықтады. Алдымен сіңісіп кету оңайға түспеді. Оған көптеген факторлар әсер етті. Дегенмен, өткен жылы жолдасыммен нан басып, кәсіппен айналысуды шештік. Өйткені қарапайым жұмысшының еңбекақысы аз. Осылайша, мемлекеттен бөлінетін грантқа құжаттар жинап, бизнес жоспар құрдық, - дейді Майра Музафарқызы.

Маусым айында 1,5 миллион теңге сомасында грант ұтып алған отбасы нан пісіруге қажетті құрал-жабдықтарды іздестіріп, Алматы қаласынан сатып алады. Күзде Майра Шатырбаева жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, өз ісін бастап кетеді.

Ерлі-зайыптылар нан басу бойынша бірнеше жыл Алматы, Шымкент және Астана қалаларында еңбек етіп, біраз тәжірибе жинаған екен. Соның арқасында дәмді әрі сапалы тандыр нан шығарып, оны Булаев қаласында орналасқан азық-түлік дүкендеріне таратады.

– Өрине, бастапқы кезде нан тарату біз үшін қиынға соқты. Өйткені бізді ешкім танымай, сенімсіздікпен

қарағаны жасырын емес. Одан қалды, солтүстік халқы тандыр наннан гөрі, қарапайым бөлкедегі нанды жеп үйреніп қалған ғой. Дегенмен, алға қойған мақсатқа жету үшін барымызды салдық. Алдымен нанның дәмін татып көру үшін оны халыққа, дүкендерге тегін тараттық. Соның нәтижесінде, нан өнімінің сапасына жоғары баға берген мағжандықтар бізге тапсырыс бере бастады. Қазір халық біздің нанға үйреніп келеді, - дейді кәсіпкер әйел басынан өткен оқиғалармен бөлісіп.

Бәсеке бар жерде, даму бар. Әр кәсіпкер өзінің дағдысын жетілдіріп, шығаратын өнімінің сапасы мен түрлерін үнемі ұлғайтып отыру қажет. Бұл өмір қағидасы. Булаев қаласында тандыр нан пәсіретін басқа да кәсіпкерлер бар болғандықтан Майра Музафарқызы тандыр наннан басқа, самса, бургер мен сендвич сияқты өнімдерді жасай бастайды. Бұл бағытты қамту үшін ол арнайы оқудан өтіп, біліктілігін арттырған наубайханашы. Жарты жыл уақыт аралығында кәсіпкер тұрғындардың сұранысына сай түрлі нан өнімдерін пісіріп, тұтынушы талғамынан шыға білді. «Егер арнайы ғимаратқа қол жеткізсек, нұр үстіне нұр болар еді», - дейді кейіпкеріміз болашақтан үміттеніп.

«Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - демекші Майра Музафарқызы таңдаған кәсібімен қатар, күнделікті үй шаруасын да дөңгелетіп, қыздарын да тәрбиелеп, қарт анасына да қамқорлық жасап үлгереді. Кәсіпкерлікпен айналысып жатқан бүгінгі кейіпкерімізге қарап, «Әйел – қырық



жанды» деген аталы сөзге бас иесің.

Ендеше, оңтүстіктен солтүстікке отбасымен қоныс аударып, жұбайымен бірге кәсіп ашып, нан өнімдерімен мағжандықтардың көңілінен шығып үлгерген бұл отбасыға 8 наурыз мерекесі қарсаңында амандық-саулық, кәсіптеріне табыс, өмірлеріне береке-бірлік тілейміз.



КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭ

# ОБЛЫСТА АЛҒАШҚЫ ӘЙЕЛДЕР ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

2 наурыз күні Петропавл қаласында Ұлы Отан соғысында Жеңістің 80 жылдығына, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне арналған Кекушинкай каратэден Солтүстік Қазақстан облысының алғашқы әйелдер чемпионаты болып өтті.

СҚО әкімдігінің және облыс әкімінің орынбасары Қ.М. Дүзелбаевтың, сондай-ақ СҚО Спорт және мәдениет басқармасының қолдауымен осы турнирге "кумите" және "ката" сайыстары бойынша 52 салмақ-жас санатында 4 және 65 жас аралығында 380 қыз спортшы қатысты.

Аталмыш доғаға облыстың аудандарынан және балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс жұмыс орталығынан, күрес бойынша БЖСМ және Петропавл қаласының бірқатар мектептерінен келген спортшылар 4 татамиде бақ сынасты. Мағжан Жұмабаев ауданынан Кекушинкай каратэ аудандық бөлімшесінен 28 қатысушы сынға түсіп, оның ішінде 17 адам жүлделі орындарға ие болды:

Абайқызы Аруназ, Қайдарова Диляра, Ахметжан Аяжан (Булаев қаласы) және Тачкова Вероника (Қарақоға ауылы) чемпион атанса, Шаймерденова Раяна (ката), Бердоғұлова Аяна, Середа Елена, Сәбитова Камила, Шушина Виолетта (Булаев қаласы), Стаценко Вероника (Пролетарское ауылы), Манақова Вероника, Филиппова Ксения (Қарақоға ауылы) күміс жүлдеге ие болды, ал

Конюхова Елизавета, Ужегова Таисия, Рамазанова Снежанна (Булаев қаласы), Муфтахутдинова Танзиля, Сәрсенбаева Дильнара (Қарақоға ауылы) қола жүлдені иеленді.

Осы турнирге қатысқан әр спортшыға сертификат, сондай-ақ алдағы 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, гүл шоқтары табыс етілді.

Қорытындылай келе, мен біздің команданы айтулы нәтижелерімен және төл мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, бақытты өмір мен сәттілік тілеймін!

**Айнагүл БАУЭНОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданындағы Кекушинкай каратэ бөлімшесінің басшысы.



«ҚАЛҚАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДАСЫ

## ЖАНЕЛЬ НҰРАЛИНАНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ



Биыл 25 ақпан мен 1 наурыз аралығында Алматы қаласында «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері (14-17 жас санатында) арасында «Қалқан» Республикалық қысқы спартакиадасы 4-ші мәрте өткізілді.

Біздің облысымыздың намысын қорғау үшін құрама команданың құрамында №2 Булаев орта мектебінің 11-ші сынып оқушысы, жазғы полиатлоннан спорт шебері, жаттықтырушы Александр Павлович Тарабариннің тәрбиеленушісі Жанель Нұралина алынды.

Спартакиада қорытындысы бойынша біздің жас спортшымыз шаңғы жарысын-

да екінші, пневматикалық мылтықтан атудан екінші және күштік гимнастикадан үшінші нәтижеге қол жеткізді.

Осылайша, Жанель жалпы жинаған ұпайлар бойынша Қазақстан Республикасының абсолютті чемпионы атанды. Оның әр сайыста салған күш-жігері республикалық спартакиадада жалпыкомандалық есепте 1-ші орынды иеленген біздің облыс командасының жалпы нәтижесіне елеулі үлес қосты. Жеңімпаз Жанель Нұралинаны жарқые жеңісімен құттықтаймыз және одан әрі жоғары жетістіктер тілейміз!

**Аслан АРЕНОВ,**  
білім бөлімінің өдіскері.



## ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРДЕ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

1 наурыз күні Аққайың ауданы Смирново ауылында Заманбек Жомартұлы Еркеовты еске алуға арналған қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды.

Аталған жарысқа Мағжан Жұмабаев ауданы БЖСМ тәрбиеленушілері қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, 21 кг салмақта Әміржан Алдияр мен 24 кг салмақта Абайұлы Шахмади чемпион атанса, 27 кг салмақта Тәңірберген

Абдухарис күміс медальды иеленді. Ал 26 кг салмақта Мусин Эльдар мен 44 кг салмақта Әміржан Әлішер қола медальдарды місе тұтты.

Жаттықтырушы Амангелді Бәкіров пен жас балуандарды жүлделерімен құттықтап, алдағы жарыстарда сәттілік пен жеңіс тілейміз.

**Еркем ИСМАҒҰЛОВ,**  
БЖСМ басшысы.

«ROBOTIME» РОБОТОТЕХНИКА БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ ЖАРЫС

## МАҒЖАНДЫҚ ЖАС РОБОТОТЕХНИКТЕР ЖЕҢІСІ



28 ақпан күні Петропавл қаласында «Digital Urag» Оқушылар сарайында «RoboTime» робототехника бойынша облыстық жарыс өтті. Бұл сайысқа Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы мен Қарақоға орта мектебінің командалары қатысып, лайықты өнер көрсетті.

Мәселен, Тилаганов Жандос пен Атиев Матвей «Робосум» санатында 1-ші орынды жеңіп алса, Кулик Данил мен Симонов Владимир «Сызықпен жүру» санатында да бірінші орынды иеленді. Ал Сапыргина Богдана мен Суханова Полианың командасы «Арқан тарту» санатында сынға түсіп, жүлделі орынға сәл сәттілік жетпей қалды. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, команданың барлық мүшелеріне табыс тілейміз!

**Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.**



# ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ – ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫН ТОЛЫҚТЫРУДЫҢ ТИМДІ ТӘСІЛІ

Елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеңберінде жарналардың келесі түрлері жүзеге асырылады: міндетті (жұмыс берушінің жұмыскердің жалақысынан ай сайын аударатын 10%), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (жұмыс берушінің өз бюджеті есебінен төлейтін зиянды және қауіпті кәсіптерде еңбек ететін жұмыскерлер кірістерінің 5%), сондай-ақ, 2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ). Жарнаның бұл түрі 1975 жылы және одан кейін туған барлық жұмысшылар үшін (2024 жылы 1,5%-дан бастап, 2026 жылы 5%-ға дейін біртіндеп көтеріледі, ал 2025 жылы – 2,5%) төленеді. Сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар аудару аралық ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ). Жеке тұлғалар өздері және (немесе) жақындары үшін өз табысы есебінен, ал заңды тұлғалар – қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына қаражат аударуға болады. Бұл жарналардың осы түріне тән артықшылықтардың бірі ғана.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер арқылы, сондай-ақ, жұмыс берушіге өтініш беру жолымен аударуға болады. Жұмыс беруші ерікті зейнетақы жарнасын БЖЗҚ-ға сол өтініштің негізінде мәлімделген тұлғаның пайдасына аударыды. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін БЖЗҚ-ның зейнетақы ережелеріне сәйкес алушы дербес айқындайды.

Шарт жасасу және ЕЗЖ бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ, зейнетақы жарналарының басқа түрлері сияқты ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын өтінішісіз ашу тәртібі мынадай негізде жүзеге асырылады:

- БЖЗҚ-ға агенттер ЕЗЖ аудару кезінде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;
  - БЖЗҚ-ға жеке тұлғадан өз пайдасына немесе ЕЗЖ аудару кезінде үшінші тұлғаның пайдасына түскен бастапқы жарнаның үлесі.
- Пайдасына зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаны сәйкестендіру ЕЗЖ аударған кездегі төлем тапсырмасының электрондық форматтағы көрсетілген дербес деректердің (ТАӘ, ЖСН, туған күні) кемегімен жүзеге асырылады. БЖЗҚ азаматтың жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, турғылықты тұратын жері және өзге де барлық қажетті мәліметтерді мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен



алады. Қазақстанда ерікті зейнетақы жарналары салықтық артықшылықтарға ие. Мысалы, жұмыс берушінің өз қызметкерінің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды. Жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеруге жатады. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салық салу кезінде жеңілдіктер алады.

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланп, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен төуекелділік түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сенім тапсыруға болады. Зейнетақы жинағының бір бөлігін

ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруға болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет қана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу - ЕЗЖ-нің тағы бір артықшылығы.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдарға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға да ЕЗЖ есебінен төлем алу құқығы беріледі.

БЖЗҚ-ға ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен төлемдер алу туралы өтінішті [eprf.kz](http://eprf.kz) сайтындағы немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте онлайн-форматта, сондай-ақ, Қордың кез

келген бөлімшесінде беруға болады. Жарналардың барлық түрлері есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын [eprf.kz](http://eprf.kz) сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалап отыруға өте оңай.

Атап кету керек, зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Нақтырақ айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған жағдайда немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда заң бойынша мұрагерлік құқығы енеді.

БЖЗҚ сайтында Қорға беру тәсіліне қарай төлемдерді алуға қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қажылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. Қордың "Төлемге құжаттарды алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалану отырып, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеруге болады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару туралы дер кезінде қабылдаған шешімі зейнетақы капиталын өдеуірі толықтыруға және болашақта жоғары мөлшердегі төлемдер алуға көмектесетінін еске саламыз.

Мәлімет үшін: 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша жинақтардың пайдалану өсімі 50,3% көрсетті. Бұл жарналардың барлық түрлері бойынша жинақтардың көбею қарқыны жағыман өң жоғары көрсеткіш. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ саны бір жылда 10,7% өсіп, 439 582 бірлік болды.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер ([+7 777 000 14 18](https://t.me/bzk_kz) нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), [eprf.kz](http://eprf.kz) корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассик сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан алуға болады.

## САҒ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ



Қазіргі уақытта тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда. Бизнес субъектілері бәсекелестіктің жоғары

деңгейіне тап болады. Мұндай жағдайда ұлттық стандарттар табысты және бәсекеге қабілетті бизнесті дамытуда шешуші рөл атқарады.

Ұлттық стандарттарды енгізу тұтынушылардың өнімге деген сеніміне ықпал етеді. Ұлттық стандарттар бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар нарықта жетекші орынға ие.

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерде қолдану үшін бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік бағдарламаларды, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жеткізушілерін іске асыру үшін әзірленетін өзара байланысты, ұлттық стандарттар ретінде техникалық регламенттерге стандарттар тізбесіне енгізілетін негізгі ұлттық стандарттарды, ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуге жол беріледі. Стандарттар

тау жөніндегі құжаттардың қалған түрлері өзге қаржыландыру көздері есебінен әзірленеді.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына жауап береді және ұлттық стандарттау жоспары нысанында жүзеге асырылады.

- Ұлттық стандарттау жоспары:
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің және басқа да мүдделі тараптардың ұсыныстары;
  - стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жұмыс жоспарларын;
  - стандарттау жөніндегі қолданыстағы құжаттарды алдын ала талдауды және ұлттық стандарттарды әзірлеуге қажеттілікті ескере отырып, техникалық регламенттерге өзара байланысты стандарттардың тізбелерін кеңейту;
  - стандарттау саласындағы мониторинг нәтижелері;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына жауап беретін өзге де көздер.

Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлері стандарттарды әзірлеуге мүдделі болған жағдайда, толтырылған өтініш мен белгіленген нысанды түсіндірме жазба «Қазақстандық стандарттау және метрология институты» РМҚ-ға қарау үшін жіберіледі.

Толығырақ ақпаратты «Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56 ұй, телефоны: 52-74-97, e-mail: [gosnadzor\\_sko@mail.kz](mailto:gosnadzor_sko@mail.kz) немесе [gospnadzor\\_sko@mail.ru](mailto:gospnadzor_sko@mail.ru) ала аласыздар.

Екатерина ПАРШИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## СТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

# 2 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫ БАНҚИНДЕГІ ЖИНАҚ ШОТТАРЫНА МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚАҚЫ АЛДЫ

Отбасы банкінің («Бөйтекер» холдингінің еншілес ұйымы) клиенттері өткен демалыс күндері өздерінің жинақ шоттарына қаражат түскенін байқады. Бұл – мемлекеттік сыйлықақы.

2024 жылдың қорытындысы бойынша өз тұрғын үйлеріне ақша жинап жүрген 2 134 279 қазақстандық Отбасы банкіндегі депозиттеріне мемлекеттік сыйлықақы алды.

Мемлекеттік сыйлықақыны алушының орташа жасы – 35 жас. Яғни, жас қазақстандықтар тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне сенеді және өздерінің тұрғын үй мәселесін шешу үшін осы құралды таңдайды деген сөз.

Бұл ретте Отбасы банкінің әрбір төртінші салымшысы 147 680 теңге мөлшерінде өң жоғары сыйлықақы алды.

Мемлекеттік 20% мөлшеріндегі сыйлықақысы 200 АЕК-тен аспайтын жинақ

сомасына есептеледі. 2024 жылы 1 АЕК – 3 692 теңгеге тең болды. Бұл сыйлықақы алуға жарамды ең жоғары сом 738 400 теңгеге құрағанын білдіреді.

Заңға сәйкес, сыйлықақы төлеуді мемлекет қамтамасыз етеді. Осылайша ол өз азаматтарына тезірек ақша жинап, қолжетімді шарттармен баспана мәселесін шешуге септігін тигізеді.

Мемлекеттік сыйлықақы – бүрын үстіне азаматтық сыйлықақы қосылмаған жинақтар ғана аударылады. Яғни, ағымдағы жылы жинақталған қаражат пен өткен жылы сыйлықақы қосылмаған жинақтардың қалдығы есепке алынады. Егер өткен жылы депозитте жинақталған сома 200 АЕК-тен


асып кетсе, онда сыйлықақысыз қалған айырма сома ағымдағы жылы мемлекеттік сыйлықақыны есептеу үшін ескерілетін болады.

Егер бір салымшының банкте бірнеше салымы болса, онда мемлекеттік сыйлықақы олардың біреуіне ғана есептеледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғары мемлекеттік сыйлықақы көлемі 157 280 теңгеге тең болады. Оған қол жеткізу үшін Отбасы банкіндегі шотқа кемінде 796 400 теңге (200 АЕК) жинақтау қажет. Ол үшін салымшылар ай сайын өз депозиттерін шамамен 65 533 теңгеге толықтырып отырулары тиіс.

Мемлекеттік сыйлықақы мен банк



сыйлықақысын қосқанда, Отбасы банк депозиттерінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 14%-ға жетеді.  
Жанар ЖОЛТАЕВА,  
«Отбасы банк» АҚ  
баспасөз хатшысы.



Дүйсенбі, 10 наурыз	Сейсенбі, 11 наурыз	Сәрсенбі, 12 наурыз	Бейсенбі, 13 наурыз	Жұма, 14 наурыз	Сенбі, 15 наурыз	Жексенбі, 16 наурыз
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 Д/Ф. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.45, 04.05 «ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ» Д/Ф. 14.20 АПТА. 15.10 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗЕСУ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 01.00 САНА. 04.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 АҚОРДА. 14.25 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БЕЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 КӨС ПАЛАТА. 14.40 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10, 03.30 «ҰЛТТЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ». 14.30 ТЕЛЕДӨРГЕР. 15.00 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗЕСУ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.05 САНА. 03.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.05 АҚПАРАТ. 07.00, 03.10 КӨШЕ ТӨЛКІНІ. 08.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.00 М/Ф. 13.20, 20.00 ЗАМАҢДАСТАР. 14.35 КОНЦЕРТ. 16.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 17.20, 00.45 КӨС ПАЛАТА. 17.40, 01.05 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БЕЗ. 21.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗЕСУ. 22.25 Х/Ф. 01.25 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 01.50 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 02.20 Д/Ф. 04.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 01.55 Д/Ф. 07.25 АҚПАРАТ. 07.45 КОНЦЕРТ. 09.00 АҚСАҒЫТ. 09.25, 02.45 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАЕДЫР ЖАЗУЫ». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 14.00 М/Ф. 15.10, 02.00 «ӨЙГЕРІМ» Х/Ф. 17.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 00.50 АПТА. 20.50, 01.40 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢДІ ТӨЛКІНІ. 22.20 «МҮСТАФА ШОҚАЙ» Х/Ф. 03.15 «КУМС КӨМЕЙ». 04.00 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 10 наурыз	Сейсенбі, 11 наурыз	Сәрсенбі, 12 наурыз	Бейсенбі, 13 наурыз	Жұма, 14 наурыз	Сенбі, 15 наурыз	Жексенбі, 16 наурыз
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-2». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 12.00 «МЕСТ» ПУШИСТЫХ» Х/Ф. 14.00, 21.00 «ОБЛАСТЫ ТЫМЫ» Х/Ф. 16.00, 23.00 «ПРИТВОРИСЬ ВТОРОЙ ЖЕНОЙ» Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ӘЛЕУМЕТ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ПРЕЗИДЕНТТІК РЕЗЕРВ. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 FANT SPESK. 11.55 КІТАП. 12.00 «ДӨСТҮР». 12.45, 21.45 Т/Х «КЕЛНЖАН-5». 13.25, 19.00 Т/С «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРИНТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.30 М/Ф. 10.55 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00, 21.00 «ВЕЛИКОЛЕПНИЙ Х/Ф». 14.00 «XXI ФАСР КӨПБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 16.00, 23.00 «КАЗАХИ ПРОТИВ ПРИНЦЕЗЫ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БЕЗДІК НАЗАРЕД. 19.15 COVER SHOW. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.30 М/Ф. 10.30 М/Ф «ПЛАНЕТА 51». 12.00, 21.00 «СЕРДЦЕ ИЗ СТАЛИ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАУ. 16.30, 23.00 «ТАКЖА ЧТО В ЕЕ ГОЛОВЕ?» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛБАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 10 наурыз	Сейсенбі, 11 наурыз	Сәрсенбі, 12 наурыз	Бейсенбі, 13 наурыз	Жұма, 14 наурыз	Сенбі, 15 наурыз	Жексенбі, 16 наурыз
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 02.30 ТӨЙ БАЗАР. 07.05, 01.45 П@УТИНА. 08.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 09.00 «СНЕЖНАЯ КОРОЛЕВА» Х/Ф. 10.55 «ЗАВТРАК В ПОСТЕЛЬ» Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 01.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО. КАЗАҚСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТӨЙ БАЗАР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО. КАЗАҚСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТӨЙ БАЗАР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО. КАЗАҚСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТӨЙ БАЗАР.	06.00, 02.05 П@УТИНА». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО. КАЗАҚСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ» Х/Ф. 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 03.20 ТӨЙ БАЗАР.	06.00, 03.00 ТӨЙ БАЗАР. 07.30, 02.20 П@УТИНА». 09.00 ҚАЙМАК. 09.35 «МОТЫЛЬКЫ» Х/Ф. 13.35 «УТРАЧЕННЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ» Х/Ф. 17.20 «КРАСОТКА В УДАРЕ» Х/Ф. 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 «ПЛАТЕ ИЗ МАРГАРИТОВ» Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТӨЙ БАЗАР. 08.00, 02.00 П@УТИНА». 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 «КВАРТИРАНТКА» Х/Ф. 10.45 Т/С «КОММУНАЛКА». 14.25 «ОТ ЛЮБВИ ДО НЕНАВИСТИ» Х/Ф. 18.10 «БАРС И ЛЯЛКА» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ЧУЖОЙ ГРЕХ». 00.15 «ФАКТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге.  
**Ахмет БАЙТУРСЫНОВ.**  
Шешенді қасиет — екінің бірінде кездесе бермейтін қасиет.  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**



# «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚЕЛІСІМ БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗІМЕН»



*24-27 ақпан аралығында аудандық балалар кітапханасының қызметкерлері ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл мерейіне арнайы «Бейбітшілік пен келісім балалардың көзімен» атты балалар арасында суреттер байқауы өтті.*

Байқау - ескелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу; балалар шығармашылығын дәрпитеу; Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке баулу мақсатында өткізілді. Байқауға Булаев қаласы мектептерінің оқушыларымен қатар, Октябрьское, Бинаш, Сулышоқ, Чистов, Надежда ауылдық мектептерінің оқушылары да қатысты. Әр жұмысты бағалап, жеңімпаздарды таңдау - біздің қазылар алқасына қиынға соқты, өйткені әр жұмыс жүзделі орынға лайық болатын. Байқауда барлығы оқушылар жіберген 38 жұмыс қаралды.

Барлық суреттер ерекше болғаны сөзсіз, сондықтан олар қазылар алқасының мүшелерін бей-жай қалдырмады. Әр сурет өзінше қызықты болып, олар өлемді көрудің бірегейлігін көрсетті, жас суретшілердің ойлары мен сезімдерін шебер білдірді. Суреттер - бейнелеу өнері саласындағы өртүрлі техникамен, әдіс-тәсілдермен орындалды. Байқау қорытындысы бойынша орындар келесідей бөлінді:  
1 орын - Лесных Алексей (Октябрьское ОМ);  
2 орын - Бутенко Диана (Надежда ОМ) мен

Есеналина Сабина (Бинаш ОМ);  
3 орын - Есеналина Мадина (Бинаш ОМ) мен Ефименко Артур (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия).  
Номинациялар бойынша да жеңімпаздар анықталды:  
«Біз бүкіл өлемдегі бейбітшілікті қолдаймыз» - Мусина Даяна (Чистов ОМ);  
«Бір ел» - Саткенов Абзал (Бинаш ОМ);  
«Бейбітшілік пен руханият - менің көзіммен» - Хоботнева Полина (Октябрьское ОМ).  
Жеңімпаздар грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталса, конкурсқа қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,  
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

## Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

### ГҮЛЖАН СЕРІКҚЫЗЫ ЖАНСҮГРОВА

#### ӨМІРБАЯНЫ



1980 жылы 30 қыркүйекте СҚО Бескөл ауданы Новокаменка ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2021 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкіміне кандидат болып өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. Еңбек жолын 2001 жылдан 2003 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ маманы болып бастаған. 2003 жылдан 2005 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «На-

лобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік тілде іс жүргізуші және маман болып жұмыс істеген. 2005 жылдан 2009 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы болып қызмет өткен. 2009 жылдан 2011 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, ӘЕА және салық жинау бойынша бас маманы лауазымын атқарған. 2011 жылдан 2013 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппара-

ты» ММ іс жүргізу, нотариаттық іс-қимыл және салық жинау бойынша бас маман болып жұмыс істеген. 2013 жылдан 2022 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ іс жүргізу және нотариаттық іс жүргізу жөніндегі бас маманы боып қызмет атқарған. 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ ішкі саясат мәселелері бойынша бас маманы болып жұмыс істейді.

#### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бәйтерек ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімінің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеру, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындау.  
Егер мені сайлаушылар өкім етіп сай-

ласа, қызметімді келесі мақсаттарға бағыттаймын:  
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;  
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша

әлеуметтік жобаларды іске асыру  
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру;  
- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;  
- округтің рухани-мәдени дамуына

жағдай жасау;  
- жастармен жұмыс жасап, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау, балалар ойын алаңдарын салу;  
- ауылға кіре-беріс жолдарды жөндеу, кентшілік жолдарды күтіп ұстау бойынша жұмыстар жүргізу.

**Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.**

## Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

### ЕЛЕНА АНАТОЛЬЕВНА УМОВИСТ

#### ӨМІРБАЯНЫ



1975 жылы 15 қаңтарда СҚО Возвышен ауданы Майбалық ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары, 2008 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін есеп және аудит мамандығы бойынша бітірдім. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкіміне өзімді кандидат ретінде ұсындым. «Аманат» саяси партиясының мүшесімін. 1993 жылдан 2008 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев

ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы болып жұмыс істедім. 2008 жылдан 2010 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша салық басқармасы» РММ бас маманы лауазымын атқардым. 2010 жылдан 2011 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман бухгалтер-салық қызметкері болып қызмет өттім.

2011 жылдан 2021 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ құқықтық жұмыс және өндіріп алу бөлімінің бас маманы, кейін басшысы болып еңбек еттім. 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ басшысының орынбасары лауазымын атқарамын.

#### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бәйтерек ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде өзін-өзі ұсыну жолымен әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, мен ауылда бар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте болған кезеңде жинақталған барлық дағдыларым мен білімдерімді жұмысқа қолдануға ниеттенемін. Мен Бәйтерек ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланған жағдайда, ауылдық әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-

саяси өміріне белсенді қатыса отырып, қолданыстағы заңнама шеңберінде және өз өкілеттілігім шеңберінде ауылдық округтің бар проблемаларын шешу үшін бар күш-жігерімді саламын. Менің жұмысым округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына, округтің мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуға, ұлтаралық келісімді нығайтуға және округтің әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін шараларды іске асыруға бағытталатын болады:  
- ауылдық округ тұрғындарының өл-

ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;  
- ауылдық округті абаттандыру, кеғалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын жандандыру, жолдарды жөндеу;  
- аз қамтылған және қарт азаматтарды, көп балалы отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды қолдау;  
- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты күшейту;

- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;  
- мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға жәрдемдесу.  
- жаңа жұмыс орындарын құру.

**ОКРУГ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАУЫМЕН БІЗ ОНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTУ ҮШІН БӨРІН ЖАСАЙМЫЗ!**

**Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.**

<p>Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР</p> <p>Газеттің міншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС»</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldyz» газеті редакцияда теріліп беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петроваул к., Копухов к-сі, 5 үй). Таралымы - 700</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күшіне кірген Жарнама туралы заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдық пікірлер «Мағжан Жұлдызы» газетінің міншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p>				